

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 10 ақпандағы № 78 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 11 ақпанда № 5418 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 20 мамырдағы № 187 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 20.05.2020 № 187 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 18 бабының 5-1) тармақшасына және 69 бабының 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағы 10) тармақшасына сәйкес, Арыс қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазсушар" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан филиалына Батыс су жинаушы коллекторы үшін осы қаулының қосымшасына сәйкес, жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан, жер учаскелеріне уақытша өтеусіз қысқа 3 (үш) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Арыс қаласы "Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Арыс қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.Дәрібайға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арыс қаласының әкімі

М. Қадырбек

Арыс қаласы әкімдігінің
2020 жылғы "10" ақпандағы
№ 78 қаулысына қосымша

Батыс су жинаушы коллекторы үшін қауымдық сервитут белгіленетін жер көлемдері

№	Ж е р учаскесінің орналасқан жері	қауымдық сервитут т ы ң әрекет ету көлемі (гектар)	соның ішінде							
			а у ы л шаруашылық мақсатындағы жерлер	оның ішінде					Өзге жерлер	Орман қоры жері
				егістік	оның ішінде суармалы егістік	к ө п жылдық екпелер	шабындық	жайылым		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Байыркұм ауылдық округі	50,97	30,09	-	-	-	-	30,09	1,01	19,87
	Барлығы	50,97	30,09	-	-	-	-	30,09	1,01	19,87

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК